

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасының педагог-психологі Н.Д.Аметованың 2022-2023 оқу жылындағы психологиялық қызмет жұмысының есебі

2022-2023 оқу жылына арналған педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары 2022 жылдың 28 тамызындағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді.

Мақсаты: оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, олардың психоэмоционалды дамуына қажетті жағдайлар жасау.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларда психикалық танымдық процестерді дамыту, мектепке психологиялық дайындықты қалыптастыру.
3. Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімін жүзеге асыру, балалардың психикалық дамуы мен тұлғалық қалыптасуына бірлескен жұмысты бағыттау.
4. Педагогтармен өзара әрекеттесу, психикалық дамуы қиын, денсаулығы шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру, психопрофилактикалық және түзете-дамыту жұмыстарының әр түрлі формаларын қолдану.
5. Әріптестермен, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста ұжымның әр мүшесінің кәсіби психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

2022-2023 оқу жылына жоспарланған психологиялық қызметтің түрлері төмендегідей:

- топтарды бақылау;
- балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңестер (педагогтар мен ата-аналарға);
- ортаңғы топ балаларының зияткерлік даму деңгейін диагностикалау;
- төрт жастағы балалардың құрастыру, модельдеу әрекетінің даму деңгейін диагностикалау;
- ортаңғы топ балаларының мазасыздық деңгейін диагностикалау;
- ересек топ балаларының таным процестерін диагностикалау;

Қазан айында ортаңғы топ балаларымен мазасыздық деңгейін анықтау диагностикасы (Р.Тэмпл, М.Дорки, В.Амен әдістемесі) жүргізілді.

Балалардың зияткерлік дамуын диагностикалау (В.Л.Шарохина) қараша айында өткізілді.

«Кәсіби этика, балабақшадағы мінез-құлық» тақырыбында педагогтар арасында желтоқсан айында дәріс-сабақ түрінде өткізілді.

Құрастыру-моделдеу әрекеттерінің даму деңгейін диагностикалау (Н.В.Власова әдістемесі) қаңтар айында тек қана 4 жасқа толған балалармен жүргізілді.

Сонымен қатар қаңтар айында балабақша педагогтарына «Копинг стратегиясы» тесті (Э.Хайм тестілеуі) өткізілді.

Ақпан айында ересек топ балаларымен дарынды балалар диагностикасы (Ү.Б.Жексенбаева, Ш.А.Кирабаева) жүргізілді. Нәтижесінде ересек топ балалары арасынан дарынды балалар анықталған жоқ.

Танымдық процестерінің даму деңгейін диагностикалау (В.Л.Шарохина) наурыз айында кіші топтардың балаларымен жүргізілді.

Ата-аналарға «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнамысын сәуір айында ересек топ ата-аналарымен өткізілді. Сонымен бірге балалармен мектеп туралы әңгімелесу болды.

Балабақшадағы, топшілік ата-аналар жиналыстарына жоспарға сай кеңестер, баяндамалар тапсырылды.

Сұраныс бойынша балабақша қызметкерлеріне ұсыныстар, кеңестер берілді.

Педагогтың, баланың, ата-анасымен қатысуының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-ананың өз баласына деген сүйіспеншілігінен тәрбиешінің қылығы мен талабын шектен тыс субъективті деп кездеседі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы іс-әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол педагогке деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған тәрбиешінің немқұрайлығы қосылса, оның нәтижесі балабақшаға деген кері көзқарасты тудыруы мүмкін. Сол мәселеге байланысты жыл бойы жеке ата-аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырдым. Педагогтармен жүргізілген ақыл кеңестік жұмыстар ретіне келер болсақ, жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсарту, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында тренингтер өткізілді.

2022-2023 оқу жылына арналған балабақшадағы ПМПК жұмысы да жоспарлы, жүйелі түрде жүргізіліп отырылды. Негізінен консилиум үш кезеңге бөлініп, балабақшадағы жалпы дамуында ақауы бар балаларды Ақтөбе облыстық ПМПК жолдап, көмек көрсетілді.

Педагогикалық кеңестерде ортаға қолайлы жағдай туғызу мақсатында педагогтармен түрлі психологиялық сергіту жаттығулар жүргізіліп, тағы да басқа ұсыныстар бойынша кеңестер берілді.

Сонымен қатар, балабақша өміріндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, мерекелерге арналған ертеңгіліктерде түрлі рөлдерді сомдадым.

2022-2023 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, анықтама, хаттамалар толтырылды.

Педагог-психолог:

Н.Д.Аметова

28.05.2023 ж.

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасы

2022-2023 оқу жылындағы психологиялық қызмет жұмысының жылдық есебі

Педагог-психолог: Н.Д.Аметова

Алға қ., 2023 жыл